

6B01706 «ӨЗБЕК ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01706 «Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2. Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3. Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Білімдік қызмет саласында:

- оқу ақпаратын тарату және өз бетімен оқуды үйрету;
- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
- оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану;

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорыту;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік - коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

- 1. Пәндік білімі:** пәннің салаларын терең меңгерген және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін дұрыс қолданады.
- 2. Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
- 3. Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
- 4. Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
- 5. Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
- 6. Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
- 7. Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – пәндік және пәнаралық саланың іргелі заңдылықтарының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін түсіну және интеграциялауды көрсету;
- **ON2** – берілген ақпаратқа сүйене отырып, игерген білімін практикада қолдана алу;
- **ON3** – оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылыққа, проблеманы бірлесе шешуге тарту мақсатында пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, қазіргі жағдайын саралау;
- **ON4** – пәнді оқытуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- **ON5** – пән бойынша таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;
- **ON6** – оқушының тұлғалық дамуына әсер ету, өмір бойы білім алуға бағытталған дамытушы білім үлгісін көрсету;
- **ON7** – ортақ мақсатқа жету үшін командада тиімді жұмыс істеуде, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік және көшбасшылық көрсете білу;
- **ON8** – педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсатына, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу;

- **ON9** – тілдік заңдылықтар мен тіл тарихының дамуы жайлы проблемаларды ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдау;
- **ON10** – өзінің және басқалардың идеялары, әрекеттері мен пайымдауларына қызығушылық таныту негізінде сыни және жүйелі ойлауын дамыту;
- **ON11** – көркем шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін, шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдау;
- **ON12** – әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру мақсатында көркем мәтінді интерпретациялау.

Пәндер туралы мәліметтер

| № | Пәндердің атауы | Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз) | Кредит саны | Оқу нәтижелері (коды) | | | | | | | | | | | | |
|---|--|--|-------------|-----------------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------|------|------|--|
| | | | | ON1 | ON2 | ON3 | ON4 | ON5 | ON6 | ON7 | ON8 | ON9 | ON10 | ON11 | ON12 | |
| Жалпы білім беретін пәндер циклі | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1. | <i>Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім</i> | Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруге қатысты заңнамалық, тұжырымдамалық, теориялық негіздерін түсіндіреді. | 5 | + | | | | | | | + | | | | | |
| Базалық пәндер циклі | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2. | <i>Оқушылардың физиологиялық және</i> | Оқушылардың психологиялық-физиологиялық тұрғыдан даму заңдылықтары, балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық, | 5 | + | | | | | | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|---|---|---|--|---|--|--|---|--|---|--|--|--|--|--|
| | психологиялық дамуы | психологиялық ерекшеліктері, жеке басының қалыптасуы, денсаулығын сақтауға, нығайтуға, қабілеттерін айқындау мен дамытуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту, балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері жолдары сипатталады. | | | | | | | | | | | | | |
| 3. | Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі | Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығы сараланады; өмір бойы білім алуға дағдыландырады; педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің күтілетін нәтижелеріне сәйкес қолдану жолдарын меңгертеді. | 5 | | + | | | + | | + | | | | | |
| 4. | Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар | Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи модельдері мен оны іске асыру жолдары қарастырылады. Педагогикалық инновациялық технологияларды тәрбиелеудің мақсатына, күтілетін нәтижелеріне, оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдануды үйретеді. | 5 | | + | | | | | + | | | | | |
| 5. | Өзбек диалектологиясы | Өзбек әдеби тілі, оның нормалары, тілдегі жергілікті ерекшеліктер, кәсіби сөздер, говорларлардың, диалектілердің пайда болу, | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|----|--|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|---|---|--|--|
| | | қалыптасу жолдарынан, зерттелу тарихынан хабардар етеді; өзге ғылымдармен байланысына көз жеткізіп, талдау нәтижесінде тілдік заңдылықтарды тұжырымдайды, әдеби тілді практикада дұрыс қолдануды үйретеді. | 8 | + | + | | + | | | | | | | | |
| 6. | Компьютер лингвистикасы | Лингвистикалық мәселелерді шешуде компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу бойынша білім, дағды, құзыреттіліктерін қалыптастырады; лингвистикалық пәндер жүйесіндегі өзбек тілінің заңдылықтары жайлы негізгі ұғымдарды қарастырады; қазіргі өзбек тілі саласындағы фонетикалық, лексикалық талдаудың негізгі тәсілдерін қамтыған білімдер жүйесін инновациялық технологиялар арқылы тәжірибеде қолданады, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырады. | 8 | + | | + | | | | | | + | + | | |
| 7. | Қазіргі өзбек тілінің фонетикасы | Өзбек тілінің дыбыстар тзімі құрамы, дыбыстардың орындалу орнына қарай және тәсіліне қарай түрлері, сөйлемдің бөлшектерін ажырата алады: фраза, такт. Буын және екпіннің түрлері, олардың атқаратын қызметтері, фонетикалық құбылыстар жайлы мәселелерді түсіндіреді. Фонетикалық талдауды практикалық тұрғыдан меңгертеді, ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып талдау арқылы фонетикалық заңдылықтарды тұжырымдауды үйретеді. | 5 | + | + | | | | | | | + | | | |
| 8. | Қазіргі өзбек тілі лексикологиясы мен фразеологиясы | Лексикология тілдік бірлік ретіндегі сөздердің семантикалық құрылымы, сөздік құрамның толығы жолдары, сөздіктерді құрастыру принциптері мен оларды жасау жолдары, пәннің тұжырымдамалық және теориялық негіздері жайлы мәселелерді қарастырады; басқа ғылым салаларымен байланыстыра отырып, тілдік | 5 | + | + | | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----------------------------|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|---|--|--|
| | | заңдылықтарды талдауды және оны практикада дұрыс қолдану жолдарын меңгертеді. | | | | | | | | | | | | | |
| 9. | Қазіргі өзбек тілі морфологиясы | Морфология бойынша ғылыми еңбектерді зерттеу қабілетін дамытады; морфологияның теориялық негіздері жайлы мәселелерді меңгертіп, талдаудан алған білімін практикада дұрыс қолдануға дағдыландырады; морфологиядағы өзекті мәселелерді ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып тұжырымдауды үйретеді. | 5 | + | + | | | | | | | | + | | |
| 10. | Қазіргі өзбек тілінің синтаксисі | Қазіргі өзбек тіліндегі сөз тіркестерінің түрлері, олардың жасалу жолдары, байланысу формалары мен тәсілдері, сөйлем мүшелері, сөйлемнің түрлері, тыныс белгілері және олардың қолданылу ерекшеліктері жайлы пәннің теориялық негіздерін түсіндіреді; синтаксистік талдаудың ерекшеліктерін меңгертіп, болашақ кәсібінде дұрыс қолдануға машықтандырады; синтаксистің даму тарихын зерттеп, дұрыс тұжырым жасауға дағдыландырады. | | + | + | | | | | | | | + | | |
| Базалық пәндер циклы | | | | | | | | | | | | | | | |
| Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | | |
| 11. | Тіл біліміне кіріспе | Дүниежүзі тілдерінің пайда болуы мен дамуы, генеологиялық, типологиялық ерекшеліктері, тілдің табиғаты, коммуникативтік қызметі, ойлау, тіл мен қоғамның диалектикалық бірлігі жайлы мәселелерді пәнаралық байланыста қарастырады. Пәннің ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын сыни ойлау тұрғысынан саралауды, ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып зерттеуді | 5 | + | + | + | | | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|---|---|---|---|---|---|--|--|--|--|---|---|---|--|
| | | меңгертеді. | | | | | | | | | | | | | |
| 12. | Тіл мәдениеті және шешендік өнер | Мәтін құрастыру, оқу мәдениеті, ережелері, әлеуметтік-тарихи, рухани-адамгершілік, әдеби-эстетикалық процестердің талаптарын түсінеді, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытады; саусақ пен аруз өлеңдерін, көркем мәтінді мәнерлеп оқуды, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді мәнерлеп оқуға, сыни ойлауға, шығармашылыққа, проблеманы бірлесе шешуге дағдыландырады. | 5 | + | + | + | | | | | | + | | | |
| 13. | Әдебиеттануға кіріспе | Әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы, шығармадағы тілдік бейнелеулер, шығарманы өмірмен салыстырып бағалау жайлы түсінік қалыптастырады, эссе жазудың жолдарын, әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды үйретеді; талдаудың ерекшелігіне сай сыни және жүйелі ойлауын дамытады. | 5 | + | | | | | | | | | + | + | |
| 14. | Әдеби зерттеу негіздері | Әдеби шығармалардың көркемдік сипатына әсер ететін факторлар, оның эстетикалық сезімін құрайтын элементтер, жазушының стилі, көркемдік және шығармашылық көзқарастары, көркем және әлеуметтік қарым-қатынастары, адамның менталитетін көркем шығармашылықта көрсету тәсілі, туындағын проблемалық жағдайларды талдап, дұрыс ғылыми бағалауды қалай жасау керектігін үйретеді. | 5 | | + | + | + | | | | | | + | | |
| 15. | Қазіргі өзбек тілі сөзжасамы | Сөзжасам жүйесі, сөзжасам бірліктері, туынды сөздерді зерттеу әдістері, сөзжасам тәсілдері, туынды сөздердің семантикалық ерекшеліктері, | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|--|---|---|---|--|--|--|--|--|--|---|---|---|---|
| | | сөзжасамдық ұяның жасалу жолдары, зерттелу тарихы туралы түсінік қалыптастырады; талдау нәтижесі бойынша тұжырым жасауды үйретеді, сыни ойлау дағдысын қалыптастырады. | 5 | + | | | | | | | | + | + | | |
| 16. | Өзбек жазуының тарихы және латын әліпбиі | Өзбек мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері, фонемографиялық жазу типі түрлерінің онтогенездік дамуы, қазіргі өзбек графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері, емле ережелерінің уәжі, латын жазуының тарихы, қазіргі өзбек жазуының мәртебесі мен орны туралы білімдер жүйесін қалыптастырады; латын жазуы жайлы соңғы деректерді талдап, тұжырымдауға, пайымдауға дағдыландырады. | 6 | + | | | | | | | | + | + | | |
| 17. | Халық ауыз әдебиеті | Өзбек фольклорының тарихи қалыптасқан әдеби, лингвистикалық мектептері мен ілімдерін, классикалық және қазіргі заманғы әдістерін, олардың маңызды ерекшеліктерін, өзбек фольклорындағы мифологиялық дүниетанымды, фольклордың орындаушылық шеберліктерін, жанрлық қатынастардың өлшемдерін білу, білімдерін қолдана білу, өз идеяларын ұсынуды, шығарманы талдауды үйретеді. | 6 | + | + | | | | | | | | | + | + |
| 18. | Фольклор және әдебиет | Фольклордың табиғаты, оның өмір сүру заңдылықтары, жанрлары, классификациялау принциптері; фольклордың қазіргі әдебиеттегі көрінісі мен қолданысы жайлы мәселелерді қарастырады; фольклор мен әдебиетті байланыстыра отырып, шығарманы сыни тұрғыдан талдауға машықтандырады. | 5 | + | | | | | | | | | | + | |
| 19. | 1. Ерте дәуірдегі әдебиет нұсқалары | Пәнаралық байланыс негізінде “Авесто”, “Ўрхун-Энасой” ескерткіштері, “Тұмарис”, “Широқ” және Күлтегін мен | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|--|---|---|---|--|--|--|--|---|--|--|--|--|---|---|---|
| | | Тонькөк ескерткіштері, ҮІІІ-ІХ ғасырлардағы жазылған ерлік эпостары т.б. халықтың дүниетанымы мен наным-сенімі т.б. жайында жазған шығармалары жайлы мағлұмат береді; Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдауды, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруды, көркем мәтінді интерпретациялауды үйретеді. | 5 | + | | | | | | | | | | | + | + | |
| 20. | 2. XI-XII ғасырлар әдебиеті | X-XII ғасырлардағы М.Қашғари, Ю.Х.Хожиб, А.Югнаки, А.Яссави т.б. шығармалары жайлы білім жүйесін қалыптастырылады; қызығушылық танытқан мәселеге сыни тұрғыдан талдау жасап, ойын дамытуға, салғастыру арқылы мәтінді интерпретациялауға машықтандырады, | 5 | + | + | | | | | + | | | | | | | |
| 21. | 1. Бастапқы ренессанс және ренессанс дәуірі әдебиеті (VIII-XVI ғасырлар әдебиеті) | VIII-XVI – энциклопедик ғалымдар: Ал-Бухорий, Абу Райхан Беруний, Ал-Форобий, Ибн Сино, Ал-Хоразмий... Н.Кубро, Рабғузий, Дурбек, Қутб, С.Саройи, Хоразмий, Атоий, Лутфий, Саккокий, З.Бобур, М.Солих, Хожа т.б ақындар шығармашылығын сыни тұрғыдан ұлттық мүддемен байланыстыра талдауды, алған білімін практикада қолдануды, мәтінді интерпретациялауды үйретеді. | 5 | + | + | | | | | | | | | | + | + | + |
| 22. | 2. Науаитану | Ә.Науаи әдеби мұрасын зерттеу, оның теориялық және педагогикалық негіздері, “Хамса” шығармасының тарихы, хамсашы ақындар шығармаларын үйренуде интеграциялық тәсілдерді зерттеу; Науаидың шығармалары; поэзия жанрының дамуы, әлем әдебиетінің және түркі халықтары әдебиетінің дамуы жөнінде түсінік қалыптастыруды қарастырады, ақын шығармалары туралы өз | 6 | + | | | | | | | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|--|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|---|---|---|
| | | ойларын сыни көзқараспен талдауды, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін зерттеудің негізгі концепцияларын талдауды үйретеді. | | | | | | | | | | | | | |
| 23. | Хандық дәуірдегі әдебиет (XVII-XIX ғасырдың I жартысы) | Өзбек әдебиетінің XVII-XIX ғасырдың I жартысында хандық дәуірдегі әдебиетте ақындық поэзиясының табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері және ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі. Ақын-жазушылар шығармаларының ұлттық әдебиет деңгейін биіктетудегі маңызын, тұлғалық болмысты сыни және гуманистік тұрғыдан талдауды, мәтінді интерпретациялауды үйретеді. | 6 | + | | | | | | | | | + | | + |
| 24. | Ағартушылық дәуірі әдебиеті (XIX ғасырдың II жартысы) | XIX ғасырдың II жартысында ағартушылық дәуірі әдебиеті ақындарының өмірі мен шығармашылығы және әдеби мұралары, З.Фурқат, Завкий, Муқимий, Аваз Ўтар, Анбар отин, Дилшоди Барно т.б. шайырлардың шығармаларындағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің көрінісін осы кезеңдегі тарихи оқиғалармен салыстыра отырып түсіндіреді, шығармаларды жанрлық тұрғыдан талдап, зерделеуге үйретеді. | 5 | + | | | | | | | | | | + | |
| 25. | 1. Ұлттық реннесанс дәуірі әдебиеті (XX ғасыр басындағы өзбек әдебиеті) | XX ғасыр басындағы өзбек әдебиетінде қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен байланысын, ой-сананы оятудағы міндеттері туралы білім мен түсініктерін қалыптастыруды қарастырады, XX ғасырдың I жартысындағы әдеби байланыстарды, дәстүрлі әдебиет үлгісін, шығармашылық ізденіс арқылы әдеби бағыттар мен олардың басты өкілдерінің шығармаларының салғастыру арқылы шығарманың идеялық-көркемдік | 5 | + | + | | | | | | | | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|---|---|---|
| | | ерекшеліктерін өздігінше талдауға үйретеді | | | | | | | | | | | | | | |
| 26. | 2. Тәуелсіздікке дейінгі өзбек әдебиеті (XX ғасырдың 30-90 жылдары) | XX ғасырдың 30-90 жылдардағы тәуелсіздікке дейінгі өзбек әдебиетінің жай-күйі, тарихи жағдайы, баспасөздің дамуы, әдебиеттегі азатшылдық ұраны, әдебиеттің тәуелсіздік үшін жүргізген күресі, ағартушылық бағыт өкілдері жайлы түсінік қалыптастырады; шығармашылық ізденіс арқылы пікір айтып, талдау дағдысын қалыптастыру мақсатында сыни ойлау қабілетін дамытады; мәтіннің идеясын ұлттық мүддемен байланыстыра отырып, гуманистік тұрғыдан талдауды меңгертеді. | 8 | + | + | | | | | | | | | + | + | + |
| 27. | Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет (1991-2016 жылдар әдебиеті) Қазіргі әдеби үдеріс (2017 жылдан бастап) | Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет өкілдерінің проза, драма, поэма шығармалары арқылы драматургия, сын, эссе жанрларының даму ерекшеліктерін, жаңа бағыттардың дамуын пәнаралық сала-лармен байланыстыра отырып түсіндіреді, сюжеттік-композициялық талдау жасауды, әдеби тілді құбылту мен айшықтауларды салыстыруды, шығарманың көркемдік құн-дылығын бағалауды, мәтінді интерпретациялауды практикада дұрыс қолдануды үйретеді. | 8 | + | + | | | | | | | | | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|--|---|---|---|--|--|--|--|--|--|---|---|---|
| 28. | Шетел адабиети | Антикалык адабиеттин ролі; адемдік адабиеттин теориялык маселелер жайлы билим мен тусиниктерин калыптастыруды карастырады, жаһандык уздик туындыларды сыни турғыдан талдау, адем адабиети акын-жазушылары туралы алган билим мен тусиниктерин тажирибеді колдау дағдыларын калыптастырады, Шығарманы гуманистик турғыдан талдауды, оны практикада колдану жол-дарын менгертеді. | 6 | + | + | | | | | | | | + | + |
| 29. | Турки халыктары адабиети | Турки халыктары адабиети тарихының кезендері, турки алемі алыптарының шығармалары, турки алемінің мәдени-философиялык идеялары, турки тилді халыктардың керкем мәдениетіндегі табиғат пен адам болмысы жоніндегі маселелер пәнаралык байланыс аркылы тусиндіріледі; ақпаратқа суйене отырып, билимін практикада колдануды, жуйелі және гуманистик турғыдан талдап, шығармаға баға беруге дағдыландырады. | 6 | + | + | | | | | | | + | + | + |
| Бейіндеуші пәндер циклі | | | | | | | | | | | | | | |
| Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | |
| 30. | Иновациялык технологиялар және мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыру | Оқу үдерісін технологияландыру, мектепте өзбек тили мен адабиетін оқытудың иновациялык әдістерін әзірлеу және тажирибеге енгізу саласына қажетті теориялык және әдістемелік дайындықты пысықтайды; иновациялык техно-логияларды күтілетін нәтижеге және жас ерекшелікке сай қолдана білуге машықтандырады. | 5 | + | + | | | | | | | + | | |
| 31. | Мектепте оқыту және бағалаудың | Оқыту және тәрбиелеу жүйесіне қатысты маселелерді, критериалды бағалауды ұйым- | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|--|---|---|---|--|--|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|
| | жаңа тәсілдері | дастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері, тұлғаға бағытталған оқытудың бағалау жүйесіндегі ерекшеліктері, педагогикалық бағаның қызметі жайлы білімдер жүйесін қалыптастырады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен диагностикалауды таңдалған мақсатқа сай қолдану жолдарын үйретеді. | 5 | | | | | | + | | | | | | | | |
| 32. | Өзбек тілі мен әдебиетін жаңартылған бағдарлама негізінде оқыту | Спиральды қағидатпен білім беру мазмұнымен таныстырып, білім маз-мұнын Блум таксономиясы арқылы меңгертуді қамтамасыз етеді; критериалды бағалау жүйесін түсіндіреді, жаңартылған білім беру бағдарламасын практикада қолдануға қажетті дағдыларды қалыптастырады; ҚМЖ; ОМЖ; ҰМЖ-ларды дайындауда АКТ-ны қолдану, топта тиімді жұмыс жасау, көшбасшылық қабілетті дамытудың жолдары жайлы түсінік қалыптастырады. | 5 | + | + | | | + | | | + | | | | | | |
| 33. | Өзбек тілін оқыту әдістемесі | Өзбек тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін меңгертеді және әдістеменің негізін қалаған ғалым-әдіскерлердің еңбектері мен ой-тұжырымдарына қатысты еңбектерімен, педагогика және әдістеме ғылымындағы жаңа қағидалармен, әдістеме бағыттарымен таныстырады. Инновациялық технологияларды практикада тиімді қолданудың жолдарын үйретеді; өзбек тілін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгертіп, кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өмір бойы білім алуға дағдыландырады. | 8 | + | + | | | | | + | | | | | | | |
| 34. | Өзбек әдебиетін оқыту әдістемесі | Пән бойынша базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|----------------------------|--|---|---|---|--|--|---|---|---|--|--|--|---|---|
| | | талдап, тануға үйретеді; оларды басшылыққа алып, пайдалану дағдыларын қалыптастырады; қазақ әдебиеті материалдарын мектепте оқытудың әдістемелік жүйесін меңгертеді; білім берудің жаңа технологияларымен таныстырып, оны оқу үдерісінде пайдаланудың жолдарын үйретеді; кәсіби біліктілік пен құзыреттіліктерді үздіксіз дамытып, өмір бойы білім алуға, қарым-қатынаста коммуникативтілік танытуға төселдіреді. | 5 | + | + | | | | + | + | | | | | |
| 35. | Өзбек әдеби сыны | Әдеби туындының идеялық - көркемдік құнын белгілеу, мәні мен маңызын анықтау арқылы шығарманың бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетуге, оқыған шығарманың байыбына барып, оны дұрыс бағалауға, сын-пікір айтуға, ұлттық мүдде тұрғысынан талдауға, салыстыру арқылы көркем мәтінді интерпретациялауға баулиды. | 8 | | | | | | | | | | | + | + |
| 36. | БАҚ стилі және редакциялау | Редакторлық түзетудің түрлері, әдеби редакциялаудың сапасы, корректуралық белгілер, эссе, хабарлама жазудың жолдары жайлы түсінік қалыптастырылады; стилистика және редакциялаудың теориясымен, әдістемесімен қаруланып, тәжірибе жинақтауларына, әр түрлі стильдегі мәтіндерді АКТ-ны қолдана отырып түзетуге, БАҚ материалдарының тілдік, стильдік ерекшеліктерін сараптап, оларды қолдана білуге, топта коммуникативтілік, креативтілік танытуға баулиды. | 5 | + | + | | | + | | + | | | | | |
| 37. | Публицистика және әдебиет | Публицистиканың пайда болуы, ерекшелігі, көркем әдебиет, журналистика және публицистиканың байланысы, өзбек публицистикасының жаңашылдық түрі, тәуелсіздік дәуіріндегі публицистикадағы тақырыптық, | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|---|---|---|---|--|---|--|--|---|--|---|--|---|---|
| | | проблемалық пішіндік ізденістер жайлы білім жүйесін қалыптастырып, О.Шарафиддинов, У.Норматов, И.Ғофуров, Н.Каримов және т.б. көсемсөз шеберлерінің еңбектері жайлы мағлұмат береді; өз практикасында АКТ-ны дұрыс қолдану, қоғамдық қарым-қатынаста коммуникативтілік, креативтілік көрсету жолдарын меңгертеді. | 5 | + | + | | + | | | + | | | | | |
| 38. | Журналистің риторикалық мәдениеті | Өзбек тілінде сөйлеу мәдениетінің парасат пайымы, тілдік амалдар, ойдың және сөйлеудің дамуы, сөйлеу мәдениетіндегі шешендік өнер, халық даналығы, сөз мәдениетінің орны, мәдениет мәйегі туралы түсінік беріледі. Журналистің интеллект-туалдық мәдениетін, білім-білігін, зерде-зейінін дамытып, шешеннің интеллектуал-дық мәдениетін қалыптастыру, цифрлық ресурстарды практикада дұрыс қолдану, командада тиімді жұмыс жасау жолдарын меңгертеді. | 5 | + | + | | + | | | + | | | | | |
| 39. | Жалпы тіл білімі | Тілдің мәні мен функциялары, оның жүйе-лік сипаты мен иерархиялық құрылымы, грамматикалық құрылысы, тілдің шығу тегі мен дамуы, әлем тілдерінің жіктелуі, лингвистикалық ғылымның даму кезеңдері және оның басқа ғылымдармен байланысы туралы негізгі ережелерді түсіндіреді, білімін практикада дұрыс қолдану, тілдік заңдылықтарды зерттеу нәтижесіне сәйкес тұжырымдау жолдарын үйретеді. | 8 | | + | | | | | | | + | | | |
| 40. | Әдебиет теориясы | Әдебиет теориясының қалыптасу кезеңдері, шығарма табиғаты, автор мен адресат, кейіпкер және архетип, мәтін құрылымы, стиль, көркемдік әдіс, жанрлар типологиясы жайлы түсінік береді; әдеби құбылту мен айшықтаудың | 5 | | | | | | | | | | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|-----|--|---|---|---|---|--|--|--|---|--|--|---|--|--|--|
| | | түрлерін, шығарма идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды, эпизодтарды салғастыра отырып интерпретациялауды үйретеді. | | | | | | | | | | | | | |
| 41. | Өзбек тілінің стилистикасы | Өзбек тілі стилистикасының іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білім негізінде тілдік заңдылықтарды зерттеу нәтижесіне сәйкес тұжырымдайды; стилистика ғылымының даму кезеңдері туралы негізгі ережелерді түсіндіреді, АКТ-ны пайдалану арқылы білімін практикада дұрыс қолдану, тілдік заңдылықтарды зерттеу нәтижесіне сәйкес тұжырымдау жолдарын үйретеді. | 5 | + | + | | | | | | | + | | | |
| 42. | Шығыс тілдері және ескі өзбек жазуы | Шығыс тілдері және ескі өзбек жазуы ғылымының принциптері мен зерттеу бағыттары бойынша тілдік талдауда білімін практикада дұрыс қолданады, өз ойын дұрыс тұжырымдайды, инновациялық технологияларды оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады және өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялайды. | 5 | + | + | | | | + | | | + | | | |